

"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 7 ақпандағы № 67 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 28 қазандағы № 561 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 28.10.2020 № 561 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 936 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Нұр - Сұлтан қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және

өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.10.2019 № 747 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 15 маусымдағы №351 бұйрығының (2017 жылғы 20 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушының 2014 жылғы 1 қарашадағы № 118 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 желтоқсандағы № 840 бұйрығының (2017 жылғы 11 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

3) "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушының 2014 жылғы 1

қарашадағы № 118 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 580 бұйрығының күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрық бекітілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде электрондық нысанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрі*

Ж. Қасымбек

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 7 ақпандағы
№ 67 бұйрығына 1-қосымша

"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) өз құзыреті шегінде индустрия және индустриялық-инновациялық қызметтің: тау-кен металлургия, зергерлік және басқа да бұйымдар, бағалы металдардан жасалған монеталар, көмір, машина жасау, химия, фармацевтика, жеңіл, ағаш өңдеу, жиһаз өнеркәсібі; жергілікті

камтуды дамыту; арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеуі және тарату; экспорттық бақылау және қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау; өндірістік қауіпсіздік; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; арнайы инвестициялық келісімшарт жасасу және бұзу салаларында (бұдан әрі – реттелетін салалар) басшылықты жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.09.2020 № 462 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғасы болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің келісімі бойынша Министрліктің Жауапты хатшысы бекітеді.

8. Комитеттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр - Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.10.2019 № 747 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Комитеттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру Республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері

13. Міндеті: өнеркәсіптің тау-кен металлургия, көмір, машина жасау, химия, фармацевтика, жеңіл, ағаш өңдеу, жиһаз өнеркәсібі салаларын дамыту бойынша индустриялық-инновациялық қолдаудың мемлекеттік саясатын қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

Функциялары:

1) реттеуші, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады және Комитеттің құзыреті шегінде Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысады;

2) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Комитеттің құзыреті шегінде және Министрдің бұйрықтарында оларды бекіту бойынша тікелей құзыреті болған кезде нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

3) Комитеттің құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

4) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, әзірлеуге қатысады, келіседі және бекітеді;

5) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 82-бабының 3-тармағында көзделген әзірленетін нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қатысты қажет болған кезде реттеушілік әсерге талдау жүргізуді жүзеге асырады;

6) жүргізілген реттеушілік әсерді талдау нәтижесін жалпыға қолжетімді интернет-ресурстарда орналастыруды (Министрліктің ресми интернет-ресурсында, "Ашық НҚА" интернет-порталында) жүзеге асырады;

7) халықаралық шарттардан туындайтын Қазақстан Республикасының міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді және құқықтарын жүзеге

асырады, сондай-ақ Комитет құзыреті шегінде олардың міндеттемелерін басқа халықаралық шарттар қатысушыларының орындауына бақылау жүргізуге қатысады;

8) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

9) соттарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап-арыздар береді;

10) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес реттелетін салалардағы тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын әзірлейді;

11) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын қарайды, келіседі және ұсынады;

12) индустрияландыру картасын, сондай-ақ жобаларды индустрияландыру картасына енгізу тәртібін әзірлейді;

13) индустрияландыру картасына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді жүзеге асырады;

14) отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын әзірлейді;

15) еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету қағидаларын әзірлейді;

16) индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институтын тарта отырып, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсетуге қатысады;

17) бағалы металдар өндірісін, бағалы металдар мен құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының айналымын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

18) Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және қайта өңдеу үшін Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде ұсынылған құжаттарда көрсетілген бағалы металдардан және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларынан қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормаларын растауды жүзеге асырады;

19) Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды береді;

20) экспорты лицензия негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда), бағалы металдардың

сынықтары мен қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде мемлекеттік бақылау актісін береді;

21) экспорты лицензиялар негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда), бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау актісін береді;

22) Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) және экономикалық орындылығы (орынсыздығы) туралы қорытынды береді;

22-1) асыл тастарды, зергерлік және басқа да бұйымдарды, бағалы металдардан жасалған монеталарды Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету кезінде мемлекеттік бақылау актісін береді;

23) бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларын әзірлейді;

23-1) Кимберлий процесінің сертификаттау схемасын ескере отырып, өңделмеген табиғи алмасты Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету қағидаларын әзірлейді;

24) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларына нормативтік құжаттарды әзірлейді;

25) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларындағы зиянды қоспалар мен бағалы металдар құрамының шекті мәндерін айқындау қағидаларын әзірлейді;

26) шикізат тауарларының түрлері бойынша олардың жеке технологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып, уәкілетті орган бекітетін тізбеде тұратын бағалы металдар өндірісінің әрбір субъектісі үшін құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларындағы зиянды қоспалар мен бағалы металдар құрамының шекті мәнін белгілейді;

27) бағалы металдар өндірісі субъектілерінің тізбесін қалыптастыру қағидаларын әзірлейді;

28) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің өндірістік қызметін (технологиялық процесін) жер қойнауын пайдаланумен байланысты қызметінде (технологиялық процесс) тану қағидаларын әзірлейді;

29) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларымен ауыл шаруашылығы техникасын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімді жасау қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ өзгерту және бұзу үшін негіздерді және оның үлгі нысанын әзірлейді;

30) Қазақстан Республикасының резиденттері – заңды тұлғалардың бекітілген нысан бойынша ауыл шаруашылығы техникасының моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасауды дайындауды жүзеге асырады;

31) моторлы көлік құралдары үлгілерінің өндірісі кезінде заңды тұлғаның "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің және Бірыңғай экономикалық кеңістік аумақтарында "моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру" ұғымын қолдану шарттары туралы" Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 72 шешімінің 1-тармағы 4) тармақшасының бірінші абзацына сәйкес белгіленген талаптарды сақтау фактісін белгілеу және талаптармен белгіленген, осындай заңды тұлғаның моторлы көлік құралдары үлгілеріне сәйкестігі туралы шешімдер жобаларын әзірлейді;

32) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының (ұйымдарының) және көлік құралдарының (көлік құралдарының шассиі), өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің паспорттарын (электрондық паспорттарын) рәсімдеуді жүзеге асыратын көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиі), өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа да түрлерінің бірыңғай тізіліміне енгізілген уәкілетті ұйымдардың, дайындаушы ұйымдардың қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

33) мүдделі тұлғалардың сұрау салулары бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының (ұйымдарының) - көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін), өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа да түрлерінің паспорттарын (электрондық паспорттарын) рәсімдеуді жүзеге асыратын көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін), өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа да түрлерінің дайындаушының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлімдерінде қамтылған мәліметтерді ұсыну үшін қалыптастырады;

34) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарын (4 және одан жоғары экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың компоненттерін өндіруді ынталандыру қағидаларын әзірлейді ;

35) электрондық паспорттар жүйелерін ұйымдастыру бөлігінде Көлік құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) және өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлері паспортының бірыңғай нысандарын енгізу

және электрондық паспорттар жүйелерін ұйымдастыру туралы келісімді іске асырады;

36) көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын ресімдеуді, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдардың (ұйымдардың) және көлік құралдарын (көлік құралдарының шассилерін), өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерін дайындаушы ұйымдардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігін қалыптастырады және жүргізеді;

36-1) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларымен көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ оны өзгерту және бұзу үшін негіздерді және оның үлгілік нысанын әзірлейді және бекітеді;

36-2) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларымен көлік құралдарына және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасына компоненттерді өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ оны өзгерту және бұзу үшін негіздерді және оның үлгілік нысанын әзірлейді және бекітеді;

37) Қазақстан Республикасының аумағында химиялық өнімді тіркейді және оның есебін жүргізеді;

38) химиялық өнімнің жекелеген түрлерін есепке алу тәртібін әзірлейді.

38-1) "Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;

38-2) "Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;

38-3) "Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдары қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау актісін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;

38-4) "Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда) бағалы

металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде мемлекеттік бақылау актісін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;

38-5) "Минералдық шикізатты кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу рәсіміне орналастыруға қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;

38-6) "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу және жеңіл, тау-кен металлургиясы, химия, фармацевтика, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясында ішкі тұтыну үшін тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы құжат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;

39) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің (бұдан әрі - Министр) бұйрықтарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.09.2020 № 462 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Міндеті: жергілікті қамту үлесін арттыру және дамыту бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастыру

Функциялары:

1) индустриялық-инновациялық қызмет саласында жергілікті қамтуды дамыту саясатын қалыптастырады;

2) ұйымдардың және мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамту үлесін арттыру жөніндегі шараларды әзірлеуге және мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

3) жергілікті қамту мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді және әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуындағы қазақстандық қамту мониторингін, сондай-ақ тиісті ұйымдар ұсынатын өткізілген, өткізілетін және келесі жылға жоспарланған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы ақпаратқа талдау жүргізуді жүзеге асырады;

5) Ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, олардың еншілес және аффилирленген компанияларының,

мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың сатып алуындағы қазақстандық қамтудың мониторингін жүзеге асырады;

6) жергілікті қамту бойынша сараптама жүргізу қағидаларын әзірлейді;

7) тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің, олардың өнім берушілерінің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу тәртібін әзірлейді;

8) ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі жергілікті қамтудың бірыңғай әдістеме есебін әзірлейді;

9) жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуындағы жергілікті қамту бойынша жалпы ақпаратты жинақтауды және талдауды қамтамасыз етеді;

10) қатты пайдалы қазбалар саласындағы уәкілетті органға тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына) және орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламаларын, сондай-ақ оператордың ақылы көрсетілетін қызметтерін жоспарланған сатып алу туралы ақпаратын ұсыну қағидаларын әзірлейді;

11) жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің қатты пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларын жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын әзірлейді;

12) қатты пайдалы қазбаларға байланысты электрондық сатып алу жүйелерінің жұмысын жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімін синхрондау тәртібін әзірлейді;

13) тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығу тегі туралы сертификат беру және оны қолданыстан алу жөніндегі қағидаларды әзірлеуге қатысады;

14) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

15. Міндеті: экспорттық бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу

Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесіндегі мемлекеттік органдарының қызметін үйлестіреді;

2) шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен экспорттық бақылау саласындағы шараларды әзірлейді және ынтымақтастықты жүзеге асырады;

3) өнімнің экспорты мен импортын лицензиялау қағидаларын әзірлейді;

4) импорттаушылардың (түпкі пайдаланушылардың) кепілдік міндеттемелерін ресімдеу және олардың орындалуын тексеру қағидаларын әзірлейді;

5) өнімнің транзитіне рұқсат беру қағидаларын әзірлейді;

6) өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру қағидаларын әзірлейді;

7) сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың (өтініш берушілердің) фирмаішілік экспорттық бақылау жүйелеріне қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;

8) өнімді кері экспорттауға рұқсат беру қағидаларын әзірлейді;

9) экспорттық бақылау мақсаттары үшін сыртқы экономикалық мәмілелерді есепке алу қағидалары мен нысанын әзірлейді;

10) жекелеген қызмет түрлерін лицензиялаудың мемлекеттік саясатын іске асыруға қатысады;

11) белгіленген құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының аумағынан тыс өнімнің экспортын, кері экспортын, импортын, кері импортын, транзитін және қайта өңделуін бақылауды жүзеге асырады;

12) қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарымен бірлесіп, өнімді тиіп жіберу алдындағы кезеңде және (немесе) түпкілікті пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

13) кепілдік міндеттеме береді (түпкі пайдаланушының сертификаты);

14) экспорттық бақылауға жататын өнімнің транзитіне рұқсат береді;

15) өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат береді;

16) өтініш берушілерге және мүдделі мемлекеттік органдарға тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты экспорттық бақылауға жататын өнімге жатқызу туралы қорытындылар береді;

17) сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға (өтініш берушілерге) "Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының қолданысына жатпайтын өніммен, зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелерімен сыртқы экономикалық мәмілелерді жүзеге асыруға белгіленген тәртіппен лицензия береді;

18) экспорттық бақылау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және актуалдандырады;

19) жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау мемлекеттік саясатын іске асыруға қатысады;

20) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес реттелетін салалардағы тексеру

парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын әзірлейді;

21) экспорттық бақылауға жататын өнімнің кері экспортына рұқсат береді;

21-1) "Тау-кен және химия өндірістерін пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету әзірлейді;

21-2) "Уларды өндіру, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді";

21-3) "Тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты өнімге жатқызу туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді";

21-4) уларды өндіру, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия береді;

21-5) тау-кен және химия өндірістерін пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия береді;

22) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 15-тармаққа толықтырулар енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.09.2020 № 462 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Міндеті: өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру.

Функциялары:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде азаматтық қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және іске асыруды қамтамасыз етеді;

3) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсат береді;

4) жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды ұдайы қолдануға, жарылыс жұмыстарының өндірісіне рұқсат береді;

5) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықтарды қоспағанда) заттар мен оларды қолдана жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия береді;

6) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында тексерулер жүргізудің жартыжылдық кестелерін әзірлейді;

7) адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ерекше жағдайларда соттың шешімінсіз дербес кәсіпкерлердің, ұйымдардың қауіпті өндірістік объектілерді, техникалық құрылғыларды пайдаланумен байланысты қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін, міндетті түрде көрсетілген мерзімде сотқа талап арыз тастай отырып, үш күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұрады немесе тыйым салады;

8) жеке және заңды тұлғаларға Тексеру нәтижелері туралы акті, өнеркәсіптік қауіпсіздік, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы анықталған бұзушылықтар бойынша ұйғарым, қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу не тоқтата тұру туралы акті береді;

9) реттелетін салалардағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс өндірісін жүзеге асырады;

10) өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік инспектордың қызметтік куәлігінің, төсбелгісінің, нөмірлік мөртабаны мен пломбирінің үлгілерін әзірлейді;

11) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы актілердің нысандарын әзірлейді;

12) өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалар басшыларының, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің емтихан тапсыру және білімдерін тексеру тәртібін әзірлейді;

13) заңды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізу құқығына аттестаттауды жүргізеді;

14) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының сәулет, қала салу және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіпте қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалық құжаттаманы келіседі;

15) қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеуді жүргізеді;

16) өз құзыреті шегінде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар салдарынан орын алған авариялар мен жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

17) қауіпті өндірістік объектіде оқу дабылын және аварияға қарсы жаттығуды өткізуге қатысады;

18) қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға беру кезінде оны қабылдау сынақтарына, техникалық куәландыруға қатысады;

19) өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын қауіпті өндірістік объектілердің заңды тұлғалары басшыларының, сондай-ақ аталған заңды

тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің білімін тексеруді (емтихандарды) жүргізеді;

20) жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарға бақылау және қабылдау сынақтарын жүргізу жөніндегі комиссияға қатысады;

21) қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын заңды және жеке тұлғалардың, ұйымдардың "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы заңының талаптарын өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде сақтауына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

22) қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың және қауіпті өндірістік объектілердің аварияларды және олардың салдарын оқшаулау және жою бойынша жұмыстарды жүргізуге дайындығына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

23) қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарына, технологиялық құрылыстарына және техникалық құрылғыларына, қауіпті техникалық құрылғыларына техникалық куәландыруды уақтылы жүргізуіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

24) магистральдық құбырды пайдаланған кезде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

24-1) "Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;

24-2) "Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;

24-3) "Қауіпті өндіріс объектісінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;

24-4) "Заңды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;

24-5) "Қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;

24-6) "Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен оларды қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;

24-7) "Жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды тұрақты қолдануға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;

24-8) "Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;

24-9) тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығын қоспағанда, тұрмыстық баллондар мен газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бөлігінде газ және газбен жабдықтау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

24-10) газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды әзірлейді;

25) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 16-тармаққа толықтырулар енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.09.2020 № 462 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Міндеті: энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру.

Функциялары:

1) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты өз құзыреті шегінде жүзеге асырады;

2) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік органдар қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыруға қатысады ;

3) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуына мониторингті жүзеге асырады, уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде орталық уәкілетті органдар ұсынатын есептерге талдау жүргізеді;

4) орталық атқарушы органдардың энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі есептерді ұсыну нысаны мен мерзімдерін әзірлейді;

5) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау тетігін әзірлейді;

6) Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібін айқындайды;

7) энергия тұтыну нормативтерін, Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің электр желілеріндегі қуат коэффициентінің нормативтік мәнін әзірлейді;

8) энергия аудиті қорытындылары бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру

жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды әзірлейді;

9) энергетикалық ресурстарды, суды тұтыну көлемін өнімнің, үйлердің, құрылыстар мен ғимараттардың алаңының бірлігіне энергия аудиті қорытындылары бойынша айқындалған шамаға дейін жыл сайын төмендетуді қамтамасыз етпеген, оның ішінде энергия тұтыну нормативтерін сақтамайтын мемлекеттік мекемелерді қамтитын Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің тізбесін қалыптастырады және өзінің интернет-ресурсында орналастырады;

10) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттық-өлшеу кешендері мен техникалық құралдардың тізбесін әзірлейді;

11) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институтын айқындайды;

12) үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың және олардың қоршау конструкцияларының бөлігі болып табылатын элементтерінің энергия тиімділігі бойынша талаптарды белгілейді;

13) көліктің энергия тиімділігі бойынша талаптарды белгілейді;

14) технологиялық процестердің, жабдықтардың, оның ішінде электр жабдықтарының энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды белгілейді;

15) үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергия тиімділігі класстарын айқындау және қайта қарау қағидаларын әзірлейді;

16) үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаларына қойылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша талаптарды әзірлейді;

17) энергия тиімділігі картасын қалыптастыруды, жүргізуді және іске асыруды, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды жүргізуді үйлестіреді;

18) энергия аудитін жүргізу тәртібін әзірлейді;

19) энергия аудиторларына кандидаттарды аттестаттаудан өткізу тәртібін айқындайды;

20) энергия аудиторларына кандидаттарды аттестаттаудан өткізеді;

21) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы энергия аудитордың аттестатын беру үшін қажетті рұқсат беру талаптары мен құжаттар тізбесін әзірлейді;

22) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді;

23) энергия аудиторларының тізілімін жүргізеді;

24) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы энергия аудитор аттестатының нысанын әзірлейді;

25) энергия тиімділігі бойынша үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды таңбалау нысанын әзірлейді;

26) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлейді;

27) құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды белгілейді;

28) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы үлгілік келісімді әзірлейді;

29) энергия сервистік шарттың үлгі нысандарын әзірлейді;

30) энергия тиімділігі картасын қалыптастыру және жүргізу, жобаларды іріктеу және энергия тиімділігі картасына енгізу тәртібін айқындайды;

31) энергия аудиті қорытындыларына талдау жүргізу тәртібін анықтайды;

32) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

33) Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының талаптарын бұзуды жою туралы нұсқаманың нысанын әзірлейді;

34) өтініш берушінің энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы біліктілік талаптарына және/немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне рұқсаттық бақылауды жүзеге асырады;

35) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексерулер жүргізудің жартыжылдық кестелерін әзірлейді;

36) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Міндеті: арнайы экономикалық аймақтарды құру, жұмыс жасауы және тарату саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу.

Функциялары:

1) "Астана-жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын қоспағанда, арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс жасауы және тарату саласындағы мемлекеттік органдар мен басқарушы компаниялардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

2) арнайы экономикалық аймақтың басқару органдары ұсынатын мәліметтер негізінде арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының бірыңғай тізілімін жүргізеді;

3) тиісті мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп басқарушы компанияны басқару үшін тұлғаларға конкурстық іріктеу жүргізеді;

4) арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі пайдаланудың (жалдаудың) үлгі шартын әзірлейді;

5) арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі қайталама пайдаланудың (қосалқы жалдаудың) үлгі шартын әзірлейді;

6) арнайы экономикалық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалдаудың) үлгі шартын әзірлейді;

7) арнайы экономикалық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі кейінгі жер пайдаланудың (қосалқы жалдаудың) үлгі шартын әзірлейді;

8) арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыруға өтінім берушілердің жобаларын іріктеу тәртібі мен өлшемшарттарын әзірлейді;

9) арнайы экономикалық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлейді;

10) арнайы экономикалық аймақты құру тұжырымдамасының мақсаттылығын қарастырып, арнайы экономикалық аймақты құру тұжырымдамасын ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкестігін тексереді;

11) арнайы экономикалық аймақты құру тұжырымдамасының мақсаттылығын қарау және арнайы экономикалық аймақты құру тұжырымдамасын ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру қорытындылары бойынша қабылданған шешім туралы өтініш берушіге жазбаша негіздеме жібереді;

12) арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсыныстарды сараптамалық кеңестің қарауына жібереді;

13) арнайы экономикалық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгертуге мүдделі арнайы экономикалық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы орталық немесе жергілікті атқарушы органдардың, заңды тұлғалардың ұсыныстарын қарайды;

14) арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының бірыңғай тізіліміне арнайы экономикалық аймақ қатысушысы туралы мәліметтерді енгізеді;

15) арнайы экономикалық аймақтың басқару органына арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы туралы мәліметтерді арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының бірыңғай тізіліміне енгізу туралы хабарлайды;

16) арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде тіркелу үшін өтінім мен сауалнама нысандарын әзірлейді;

17) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18-1. Міндет: арнайы инвестициялық келісімшарт жасасу және бұзу.

Функциялары:

1) арнайы инвестициялық келісімшартты жасасу және бұзу тәртібі мен талаптарын әзірлейді;

2) арнайы инвестициялық келісімшарттың үлгісін әзірлейді;

3) арнайы инвестициялық келісімшарт дайындайды;

4) арнайы инвестициялық келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімдер жасасады, тіркейді және қабылдайды.

Ескерту. Бұйрық 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.09.2020 № 462 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Комитеттің құқықтары мен міндеттемелері

Комитеттің құқықтары:

1) өз құзыреті шегінде құқықтық актілер шығару;

2) Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінен, Комитеттің аумақтық бөлімшелерінен, Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу (есептер, материалдар);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

4) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мәжілістер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және өзге де іс-шаралар өткізу;

5) жетекшілік ететін қызмет бағыттары бойынша консультативтік-кеңесші органдарды (жұмыс топтарын, комиссияларды, кеңестерді) құру жөнінде ұсыныстар енгізу;

6) негізгі қызмет мәселелері бойынша аумақтық бөлімшелер мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың жұмысын үйлестіру;

7) Комитеттің аумақтық бөлімшелерінен Министрліктің және Комитеттің бұйрықтары мен тапсырмаларының уақытылы және дәл орындалуын талап ету;

8) өз құзыреті шегінде Комитеттің жұмыс жоспары шеңберінде Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне бару.

Комитеттің міндеттемелері:

1) басқа мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

2) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірмелер, ұсынымдамалар, нұсқаулар беру және тиісті шешімдер қабылдау;

3) Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті жылдарға арналған заң жобалау жұмыстары жоспарларының уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

5) Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне, ведомстволық бағынысты ұйымдарына қатысты әкімшілік-өкімдік және бақылау функцияларын орындау;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттемелерді жүзеге асыру.

3-тарау. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

20. "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы № 2688 Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес ведомствода өзінің аумақтық бөлімшелері болуы мүмкін.

21. Комитеттің 17 аумақтық бөлімшесі бар.

22. Комитет пен оның аумақтық бөлімшелері бірыңғай жүйені құрайды.

23. Комитетті Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын Төраға - Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы басқарады.

24. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының Министрліктің Жауапты хатшысының бұйрығымен лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

25. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы Комитеттің, оның аумақтық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырады және оған басшылықты жүзеге асырады, Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

26. Комитеттің заңнамалық актілерге, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес оның негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажетті өкілеттіктері бар.

27. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы:

1) Комитет және оның аумақтық бөлімшелері туралы ережені әзірлейді және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бекітуіне енгізеді.

2) Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін, Комитет қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын, Комитеттің жұмыс жоспарын, Комитеттің жұмыс регламентін бекітеді;

3) аумақтық бөлімшелердің жұмыс жоспарын келісуді жүзеге асырады;

4) құрылымдық бөлімше басшыларының және Комитет қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды және бекітеді;

5) өз құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды;

6) Комитет қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

7) іссапар мәселелері, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру, марапаттау, үстемеақы төлеу мен сыйақы беру, сондай-ақ Комитет қызметкерлерін, аумақтық бөлімше басшылары мен басшы орынбасарларын тәртіптік жауапкершілікке тартуды шешеді;

8) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Комитетті мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда таныстырады;

9) аумақтық бөлімше басшылары мен басшы орынбасарларының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша іссапар бұйрықтарына қол қояды;

10) заңнамада белгіленген тәртіпте Комитет қызметкерлерін марапаттайды және тәртіптік жауапкершілікке тартады;

11) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттердің туындауына ықпал ететін іс-әрекеттер тіркелген жағдайда бұл туралы Министрліктің басшылығына хабарлайды;

12) Комитет қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

13) Комитетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады;

14) республикалық бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына және мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыруға дербес жауапты болады;

15) ведомстволық бағынысты ұйымдардың құрылтай құжаттарын, даму жоспарларын, жылдық қаржы есептілігін бекітеді;

16) Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдары басшыларының демалыстары сыйлықақы беру бойынша бұйрықтарға қол қояды;

17) Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдары басшыларының іссапарларын келіседі;

18) Министрліктің басшылығына Комитеттің және аумақтық бөлімшелердің құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныстар береді;

19) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады;

20) Комитеттің тәртіптік, аттестаттау және конкурстық комиссияларының, аумақтық бөлімшелердің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, персоналды басқару қызметінің жұмысын және құжат айналымын ұйымдастыруды бақылайды;

21) оның құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Комитет төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

28. Комитет төрағасының орынбасарлары:

1) өз өкілеттігі шегінде Комитеттің қызметін үйлестіреді;

2) Комитет төрағасы болмаған кезеңде Комитет қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады;

3) Комитет төрағасы жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

29. Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Комитеттің атынан Министрліктің басқа құрылымдық бөлімшелеріне жіберілетін құжаттарға міндеттерді бөлуге сәйкес төраға және/немесе төрағаның орынбасарлары қол қояды.

4-тарау. Комитеттің мүлкі

30. Комитеттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

31. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

32. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

33. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 7 ақпандағы
№ 67 бұйрығына
1-қосымша

"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1. "Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы;
2. "Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергосараптама)" акционерлік қоғамы;
3. "Жезқазғанредмет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;
4. "Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;
5. "Ұлттық технологиялық болжау орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы аумақтық бөлімшелер тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.10.2019 № 747 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

- 1) "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Нұр - Сұлтан қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 2) "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

14) "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

15) "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

16) "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

17) "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 7 ақпандағы
№ 67 бұйрығына
2-қосымша

"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Нұр - Сұлтан қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.10.2019 № 747 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Нұр - Сұлтан қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент) "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Комитет) іске асыру, бақылау-қадағалау функцияларын, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етуді, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы (бұдан әрі - реттелетін салалар)

мемлекеттік қадағалауды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.10.2019 № 747 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) бұйрықтарына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент Комитеттің атынан егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттілік берілген жағдайда, Комитеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің келісімімен Министрліктің Жауапты хатшысы бекітеді.

8. Департаменттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 010000, Нұр - Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, 6А.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.10.2019 № 747 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Департаменттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Нұр - Сұлтан қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.10.2019 № 747 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру бойынша құқық берілсе, онда осындай қызметтен түскен кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері

13. Міндеттері: қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің алдын алу, реттелетін салаларда мемлекеттік бақылауды және қадағалауды қамтамасыз ету.

Функциялары:

1) Департаменттің құзыреті шегінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады және Министрліктің стратегиялық функцияларын және Комитеттің жұмыс жоспарын орындауға қатысады;

2) Комитеттің келісімі бойынша өз құзыреті шегінде реттелетін салаларда халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

3) Департаменттің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

5) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, өз құзыреті шегінде қауіпті өндірістік объектідегі аварияларды, авария салдарынан болған жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді ұйымдастырады және жүргізеді;

6) қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға енгізу кезінде оны қабылдау сынақтарына, техникалық куәландыруларға қатысады;

7) жару жұмыстарын жүргізуге рұқсат береді;

8) адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ерекше жағдайларда, соттың шешімінсіз дербес кәсіпкерлердің, ұйымдардың қауіпті өндірістік объектілерді, техникалық құрылғыларды пайдаланумен байланысты қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін, міндетті түрде көрсетілген мерзімде сотқа талап арыз тастай отырып, үш күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұрады немесе тыйым салады;

9) екі және одан көп облыстар шегінде орналастырылған қауіпті өндірістік объектіні, сондай-ақ "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпте стратегиялық объектілерді қоспағанда, қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалық құжаттаманы келіседі;

10) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне жатпайтын қауіпті өндірістік объектілерді, қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қоюды және есептен шығаруды жүзеге асырады;

11) қауіпті өндірістік объектіде оқу дабылдарын және аварияға қарсы жаттығуларды өткізуге қатысады;

12) жарылғыш заттар мен олардың негізіндегі бұйымдардың бақылау және қабылдау сынақтарын өткізу жөніндегі комиссияға қатысады;

13) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне жатпайтын өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде заңды және жеке тұлғалардың, қауіпті өндірістік объектілер иелерінің және қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтауын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

14) қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарын, технологиялық құрылыстарын, техникалық және қауіпті техникалық құрылғыларын техникалық куәландырулардың уақтылы жүргізілуіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

15) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың авариялар мен олардың салдарын жою және оқшаулау жұмыстарын жүргізуге дайындығына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

16) магистральдық құбыр жолдарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

16-1) тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығын қоспағанда, тұрмыстық баллондар мен газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бөлігінде газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік бақылау;

17) жеке және заңды тұлғаларға Тексеру нәтижелері туралы акті, өнеркәсіптік қауіпсіздік, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы анықталған бұзушылықтар бойынша ұйғарым, қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу не тоқтата тұру туралы акті береді;

18) Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

19) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес реттелетін салалардағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын әзірлеуге қатысады;

20) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес реттелетін салалардағы жартыжылдық тексеру жүргізу кестелерін әзірлеуге қатысады;

21) реттелетін салалардағы біліктілік және/немесе рұқсаттама талаптарына өтініш берушілердің сәйкестігіне рұқсаттама бақылауын жүзеге асырады;

22) реттелетін салалардағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізуді жүзеге асырады;

23) құзыретті органдармен бірлесіп, жарылғыш материалдарды жою жөніндегі комиссия құрамына қатысады;

24) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.09.2020 № 462 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Департаменттің құқықтары мен міндеттемелері:

Департаменттің құқықтары:

1) белгіленген тәртіпте және құзыреттілігі шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы заңнама талаптарын сақтау бойынша бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып, тексерулерді және профилактикалық бақылау және қадағалауды жүзеге асыру;

2) мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпарат пен материалдарды заңнамада белгіленген тәртіпте сұрату және алу;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы заңнамаларды жетілдіру бойынша Комитетке ұсыныстар енгізу;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мәжілістер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және өзге де іс-шаралар өткізу;

5) өңірлерде, мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, сондай-ақ республиканың барлық соттарында оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Министрлікті және Комитетті таныстыру және тиісті хат алмасуды жүргізу, өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түсу;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерімен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

Департаменттің міндеттемелері:

- 1) басқа мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;
- 2) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірмелер, ұсынымдар, нұсқамалар ұсыну және тиісті шешімдер қабылдау;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;
- 4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылдау;
- 5) өз құзыреті шегінде Министрліктің және Комитеттің басшылығының бұйрықтары, тапсырмаларын орындау;
- 6) өз құзыреті шегінде Министрлік және Комитет сұратқан, қажетті ақпаратты (материалдар, анықтамалар, есептер) белгіленген мерзімде ұсыну;
- 7) құзыреттілігі шегінде құқықтық, консультативтік және практикалық көмекті жүзеге асыру;
- 8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3-тарау. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

15. Комитет және оның аумақтық бөлімшелері бірыңғай жүйе құрады.

16. Департаментті Министрліктің Жауапты хатшысының бұйрығымен лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын Басшы - Нұр - Сұлтан қаласы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор басқарады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.10.2019 № 747 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Нұр - Сұлтан қаласы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектордың Министрліктің Жауапты хатшысының бұйрығымен лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасары болады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.10.2019 № 747 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Департаментті Министрліктің Жауапты хатшысының бұйрығымен лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын Басшы - Нұр - Сұлтан қаласы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор басқарады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.10.2019 № 747 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Департамент Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Қазақстан Республикасының Президентінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес өзінің негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажетті өкілеттіктерге ие.

20. Осы мақсаттарда Нұр - Сұлтан қаласы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор:

1) Департаменттің жұмыс жоспарын әзірлейді және Комитетке келісуге енгізеді, келісуден кейін бекітеді;

2) бөлімдердің ережелерін және Департаменттің бөлім басшылары мен жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

3) Департаменттің жұмыс жоспарының орындалуы бойынша есептілікті жартыжылда бір рет Комитетке уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

4) өз құзыретіне шегінде бұйрықтарға қол қояды;

5) бөлім басшыларын және Департамент жұмыскерлерін лауазымға қабылдайды және лауазымынан босатады;

6) бөлім басшыларын және Департамент жұмыскерлерін іссапарға жіберу, оларға демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктіліктерін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Департаментті таныстырады;

8) заңнамада белгіленген тәртіппен Департаменттің бөлім басшылары мен қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жазалар белгілейді;

9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары не сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің туындауына себеп болатын іс-қимылдар анықталған жағдайда, бұл туралы Комитет басшылығына хабарлайды;

10) Департамент қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасы нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

11) Департаменттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады;

12) Республикалық бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына және мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметтің жүзеге асырылуына дербес жауапты болады;

13) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

14) Комитет басшылығына Департаменттің құрылымы мен штаттық кестесі бойынша ұсыныстар береді;

15) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады;

16) Департаменттің тәртіптік, аттестациялық және конкурстық комиссиясының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, персоналды басқару және құжат айналымын ұйымдастыру қызметінің жұмысын бақылайды;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент Басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін атқаруды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.10.2019 № 747 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Департамент басшысының орынбасары:

1) өз өкілеттігі шегінде Департаменттің қызметін үйлестіреді;

2) Департамент Басшысы болмаған кезеңде Департамент қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және Департаментке жүктелген міндеттерді орындауға және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады;

3) Департамент Басшысы жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

22. Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Департамент Басшысының атынан Комитеттің басқа құрылымдық бөлімшелеріне жолданатын құжаттарға Департамент басшысы, ал ол болмаған жағдайда оны алмастыратын адам қол қояды.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

23. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, Департаменттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департамент мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

24. Департаментке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

25. Департаменттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша оған бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті, егер заңнамада басқалай белгіленбесе, өздігінен иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілдермен оған билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

26. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 7 ақпандағы
№ 67 бұйрығына
3-қосымша

"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Комитет) іске асыру, бақылау-қадағалау функцияларын, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етуді, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы (бұдан әрі – реттелетін салалар) мемлекеттік қадағалауды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) бұйрықтарына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент Комитеттің атынан егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттілік берілген жағдайда, Комитеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің келісімімен Министрліктің Жауапты хатшысы бекітеді.

8. Департаменттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 050046, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 191-үй.

9. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру бойынша құқық берілсе, онда осындай қызметтен түскен кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері

13. Міндеттері: қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің алдын алу, реттелетін салаларда мемлекеттік бақылауды және қадағалауды қамтамасыз ету.

Функциялары:

1) Департаменттің құзыреті шегінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады және Министрліктің стратегиялық функцияларын және Комитеттің жұмыс жоспарын орындауға қатысады;

2) Комитеттің келісімі бойынша өз құзыреті шегінде реттелетін салаларда халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

3) Департаменттің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

5) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, өз құзыреті шегінде қауіпті өндірістік объектідегі аварияларды, авария салдарынан болған жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді ұйымдастырады және жүргізеді;

6) қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға енгізу кезінде оны қабылдау сынақтарына, техникалық куәландыруларға қатысады;

7) жару жұмыстарын жүргізуге рұқсат береді;

8) адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ерекше жағдайларда, соттың шешімінсіз дербес кәсіпкерлердің, ұйымдардың қауіпті өндірістік объектілерді, техникалық құрылғыларды пайдаланумен байланысты қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін, міндетті түрде көрсетілген мерзімде сотқа талап арыз тастай отырып, үш күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұрады немесе тыйым салады;

9) екі және одан көп облыстар шегінде орналастырылған қауіпті өндірістік объектіні, сондай-ақ "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпте стратегиялық объектілерді қоспағанда, қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалық құжаттаманы келіседі;

10) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне жатпайтын қауіпті өндірістік объектілерді, қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қоюды және есептен шығаруды жүзеге асырады;

11) қауіпті өндірістік объектіде оқу дабылдарын және аварияға қарсы жаттығуларды өткізуге қатысады;

12) жарылғыш заттар мен олардың негізіндегі бұйымдардың бақылау және қабылдау сынақтарын өткізу жөніндегі комиссияға қатысады;

13) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне жатпайтын өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде заңды және жеке тұлғалардың, қауіпті өндірістік объектілер иелерінің және қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтауын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

14) қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарын, технологиялық құрылыстарын, техникалық және қауіпті техникалық құрылғыларын техникалық куәландырулардың уақтылы жүргізілуіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

15) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың авариялар мен олардың салдарын жою және

оқшаулау жұмыстарын жүргізуге дайындығына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

16) магистральдық құбыр жолдарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

16-1) тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығын қоспағанда, тұрмыстық баллондар мен газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бөлігінде газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

17) жеке және заңды тұлғаларға Тексеру нәтижелері туралы акті, өнеркәсіптік қауіпсіздік, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы анықталған бұзушылықтар бойынша ұйғарым, қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу не тоқтата тұру туралы акті береді;

18) Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

19) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес реттелетін салалардағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын әзірлеуге қатысады;

20) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес реттелетін салалардағы жартыжылдық тексеру жүргізу кестелерін әзірлеуге қатысады;

21) реттелетін салалардағы біліктілік және/немесе рұқсаттама талаптарына өтініш берушілердің сәйкестігіне рұқсаттама бақылауын жүзеге асырады;

22) реттелетін салалардағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізуді жүзеге асырады;

23) құзыретті органдармен бірлесіп, жарылғыш материалдарды жою жөніндегі комиссия құрамына қатысады;

24) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.09.2020 № 462 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап

14. Департаменттің құқықтары мен міндеттемелері:

Департаменттің құқықтары:

1) белгіленген тәртіпте және құзыреттілігі шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы заңнама

талаптарын сақтау бойынша бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып, тексерулерді және профилактикалық бақылау және қадағалауды жүзеге асыру;

2) мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпарат пен материалдарды заңнамада белгіленген тәртіпте сұрату және алу;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы заңнамаларды жетілдіру бойынша Комитетке ұсыныстар енгізу;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мәжілістер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және өзге де іс-шаралар өткізу;

5) өңірлерде, мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, сондай-ақ республиканың барлық соттарында оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Министрлікті және Комитетті таныстыру және тиісті хат алмасуды жүргізу, өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түсу;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерімен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

Департаменттің міндеттемелері:

1) басқа мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

2) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірмелер, ұсынымдар, нұсқамалар ұсыну және тиісті шешімдер қабылдау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылдау;

5) өз құзыреті шегінде Министрліктің және Комитеттің басшылығының бұйрықтары, тапсырмаларын орындау;

6) өз құзыреті шегінде Министрлік және Комитет сұратқан, қажетті ақпаратты (материалдар, анықтамалар, есептер) белгіленген мерзімде ұсыну;

7) құзыреттілігі шегінде құқықтық, консультативтік және практикалық көмекті жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3-тарау. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

15. Комитет және оның аумақтық бөлімшелері бірыңғай жүйе құрады.

16. Департаментті Министрліктің Жауапты хатшысының бұйрығымен лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босататылатын Басшы - Алматы

қаласы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор басқарады.

17. Алматы қаласы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектордың Министрліктің Жауапты хатшысының бұйрығымен лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасары болады.

18. Алматы қаласы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор Департамент қызметіне жалпы басшылықты ұйымдастырады және жүзеге асырады, Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

19. Департамент Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Қазақстан Республикасының Президентінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес өзінің негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажетті өкілеттіктерге ие;

20. Осы мақсатта Алматы қаласы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор:

1) Департаменттің жұмыс жоспарын әзірлейді және Комитетке келісуге енгізеді, келісуден кейін бекітеді;

2) бөлімдердің ережелерін және Департаменттің бөлім басшылары мен жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

3) Департаменттің жұмыс жоспарының орындалуы бойынша есептілікті жартыжылда бір рет Комитетке уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

4) өз құзыретіне шегінде бұйрықтарға қол қояды;

5) бөлім басшыларын және Департамент жұмыскерлерін лауазымға қабылдайды және лауазымынан босатады;

6) бөлім басшыларын және Департамент жұмыскерлерін іссапарға жіберу, оларға демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктіліктерін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Департаментті таныстырады;

8) заңнамада белгіленген тәртіппен Департаменттің бөлім басшылары мен қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жазалар белгілейді;

9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары не сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің туындауына себеп болатын іс-қимылдар анықталған жағдайда, бұл туралы Комитет басшылығына хабарлайды;

10) Департамент қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасы нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

11) Департаменттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады;

12) Республикалық бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына және мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметтің жүзеге асырылуына дербес жауапты болады;

13) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

14) Комитет басшылығына Департаменттің құрылымы мен штаттық кестесі бойынша ұсыныстар береді;

15) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады;

16) Департаменттің тәртіптік, аттестациялық және конкурстық комиссиясының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, персоналды басқару және құжат айналымын ұйымдастыру қызметінің жұмысын бақылайды;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент Басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін атқаруды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

21. Департамент басшысының орынбасары:

1) өз өкілеттігі шегінде Департаменттің қызметін үйлестіреді;

2) Департамент Басшысы болмаған кезеңде Департамент қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және Департаментке жүктелген міндеттерді орындауға және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады;

3) Департамент Басшысы жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

22. Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Департамент Басшысының атынан Комитеттің басқа құрылымдық бөлімшелеріне жолданатын құжаттарға Департамент басшысы, ал ол болмаған жағдайда оны алмастыратын адам қол қояды.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

23. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, Департаменттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департамент мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

24. Департаментке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

25. Департаменттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша оған бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті, егер заңнамада басқалай белгіленбесе, өздігінен иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілдермен оған билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

26. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 7 ақпандағы
№ 67 бұйрығына
4-қосымша

"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Комитет) іске асыру, бақылау-қадағалау функцияларын, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етуді, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы (бұдан әрі – реттелетін салалар) мемлекеттік қадағалауды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) бұйрықтарына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент Комитеттің атынан егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттілік берілген жағдайда, Комитеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің келісімімен Министрліктің Жауапты хатшысы бекітеді.

8. Департаменттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 040000, Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Қаратал көшесі 141-үй.

9. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру бойынша құқық берілсе, онда осындай қызметтен түскен кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері

13. Міндеттері: қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің алдын алу, реттелетін салаларда мемлекеттік бақылауды және қадағалауды қамтамасыз ету.

Функциялары:

1) Департаменттің құзыреті шегінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады және Министрліктің стратегиялық функцияларын және Комитеттің жұмыс жоспарын орындауға қатысады;

2) Комитеттің келісімі бойынша өз құзыреті шегінде реттелетін салаларда халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

3) Департаменттің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

5) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, өз құзыреті шегінде қауіпті өндірістік объектідегі аварияларды, авария салдарынан болған жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді ұйымдастырады және жүргізеді;

6) қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға енгізу кезінде оны қабылдау сынақтарына, техникалық куәландыруларға қатысады;

7) жару жұмыстарын жүргізуге рұқсат береді;

8) адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ерекше жағдайларда, соттың шешімінсіз дербес кәсіпкерлердің, ұйымдардың қауіпті өндірістік объектілерді, техникалық құрылғыларды пайдаланумен байланысты қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін, міндетті түрде көрсетілген мерзімде сотқа талап арыз тастай отырып, үш күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұрады немесе тыйым салады;

9) екі және одан көп облыстар шегінде орналастырылған қауіпті өндірістік объектіні, сондай-ақ "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпте стратегиялық объектілерді қоспағанда, қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалық құжаттаманы келіседі;

10) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне жатпайтын қауіпті өндірістік объектілерді, қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қоюды және есептен шығаруды жүзеге асырады;

11) қауіпті өндірістік объектіде оқу дабылдарын және аварияға қарсы жаттығуларды өткізуге қатысады;

12) жарылғыш заттар мен олардың негізіндегі бұйымдардың бақылау және қабылдау сынақтарын өткізу жөніндегі комиссияға қатысады;

13) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне жатпайтын өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде заңды және жеке тұлғалардың, қауіпті өндірістік объектілер иелерінің және қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтауын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

14) қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарын, технологиялық құрылыстарын, техникалық және қауіпті техникалық құрылыстарын техникалық куәландырулардың уақтылы жүргізілуіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

15) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылыстарды пайдаланатын ұйымдардың авариялар мен олардың салдарын жою және оқшаулау жұмыстарын жүргізуге дайындығына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

16) магистральдық құбыр жолдарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

16-1) тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығын қоспағанда, тұрмыстық баллондар мен газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бөлігінде газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

17) жеке және заңды тұлғаларға Тексеру нәтижелері туралы акті, өнеркәсіптік қауіпсіздік, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы анықталған бұзушылықтар бойынша ұйғарым, қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу не тоқтата тұру туралы акті береді;

11) қауіпті өндірістік объектіде оқу дабылдарын және аварияға қарсы жаттығуларды өткізуге қатысады;

12) жарылғыш заттар мен олардың негізіндегі бұйымдардың бақылау және қабылдау сынақтарын өткізу жөніндегі комиссияға қатысады;

13) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне жатпайтын өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде заңды және жеке тұлғалардың, қауіпті өндірістік объектілер иелерінің және қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтауын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

14) қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарын, технологиялық құрылыстарын, техникалық және қауіпті техникалық құрылыстарын техникалық куәландырулардың уақтылы жүргізілуіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

15) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылыстарды пайдаланатын ұйымдардың авариялар мен олардың салдарын жою және оқшаулау жұмыстарын жүргізуге дайындығына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

16) магистральдық құбыр жолдарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

16-1) тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығын қоспағанда, тұрмыстық баллондар мен газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бөлігінде газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

17) жеке және заңды тұлғаларға Тексеру нәтижелері туралы акті, өнеркәсіптік қауіпсіздік, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы анықталған бұзушылықтар бойынша ұйғарым, қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу не тоқтата тұру туралы акті береді;

18) Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

19) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес реттелетін салалардағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын әзірлеуге қатысады;

20) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес реттелетін салалардағы жартыжылдық тексеру жүргізу кестелерін әзірлеуге қатысады;

21) реттелетін салалардағы біліктілік және/немесе рұқсаттама талаптарына өтініш берушілердің сәйкестігіне рұқсаттама бақылауын жүзеге асырады;

22) реттелетін салалардағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізуді жүзеге асырады;

23) құзыретті органдармен бірлесіп, жарылғыш материалдарды жою жөніндегі комиссия құрамына қатысады;

24) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.09.2020 № 462 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Департаменттің құқықтары мен міндеттемелері:

Департаменттің құқықтары:

1) белгіленген тәртіпте және құзыреттілігі шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы заңнама талаптарын сақтау бойынша бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып, тексерулерді және профилактикалық бақылау және қадағалауды жүзеге асыру;

2) мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпарат пен материалдарды заңнамада белгіленген тәртіпте сұрату және алу;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы заңнамаларды жетілдіру бойынша Комитетке ұсыныстар енгізу;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мәжілістер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және өзге де іс-шаралар өткізу;

5) өңірлерде, мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, сондай-ақ республиканың барлық соттарында оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Министрлікті және Комитетті таныстыру және тиісті хат алмасуды жүргізу, өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түсу;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерімен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

Департаменттің міндеттемелері:

1) басқа мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

2) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірмелер, ұсынымдар, нұсқамалар ұсыну және тиісті шешімдер қабылдау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылдау;

5) өз құзыреті шегінде Министрліктің және Комитеттің басшылығының бұйрықтары, тапсырмаларын орындау;

6) өз құзыреті шегінде Министрлік және Комитет сұратқан, қажетті ақпаратты (материалдар, анықтамалар, есептер) белгіленген мерзімде ұсыну;

7) құзыреттілігі шегінде құқықтық, консультативтік және практикалық көмекті жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3-тарау. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

15. Комитет және оның аумақтық бөлімшелері бірыңғай жүйе құрады.

16. Департаментті Министрліктің Жауапты хатшысының бұйрығымен лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босататылатын Басшы – Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор басқарады.

17. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектордың Министрліктің Жауапты хатшысының бұйрығымен лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасары болады.

18. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор Департамент қызметіне жалпы басшылықты ұйымдастырады және жүзеге асырады, Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

19. Департамент Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Қазақстан Республикасының Президентінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес өзінің негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажетті өкілеттіктерге ие.

20. Осы мақсатта Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор:

1) Департаменттің жұмыс жоспарын әзірлейді және Комитетке келісуге енгізеді, келісуден кейін бекітеді;

2) бөлімдердің ережелерін және Департаменттің бөлім басшылары мен жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

3) Департаменттің жұмыс жоспарының орындалуы бойынша есептілікті жартыжылда бір рет Комитетке уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

4) өз құзыретіне шегінде бұйрықтарға қол қояды;

5) бөлім басшыларын және Департамент жұмыскерлерін лауазымға қабылдайды және лауазымынан босатады;

6) бөлім басшыларын және Департамент жұмыскерлерін іссапарға жіберу, оларға демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктіліктерін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Департаментті таныстырады;

8) заңнамада белгіленген тәртіппен Департаменттің бөлім басшылары мен қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жазалар белгілейді;

9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары не сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің туындауына себеп болатын іс-қимылдар анықталған жағдайда, бұл туралы Комитет басшылығына хабарлайды;

10) Департамент қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасы нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

11) Департаменттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады;

12) Республикалық бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына және мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметтің жүзеге асырылуына дербес жауапты болады;

13) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

14) Комитет басшылығына Департаменттің құрылымы мен штаттық кестесі бойынша ұсыныстар береді;

15) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады;

16) Департаменттің тәртіптік, аттестациялық және конкурстық комиссиясының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, персоналды басқару және құжат айналымын ұйымдастыру қызметінің жұмысын бақылайды;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент Басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін атқаруды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

21. Департамент басшысының орынбасары:

1) өз өкілеттігі шегінде Департаменттің қызметін үйлестіреді;

2) Департамент Басшысы болмаған кезеңде Департамент қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және Департаментке жүктелген міндеттерді орындауға және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады;

3) Департамент Басшысы жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

22. Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Департамент Басшысының атынан Комитеттің басқа құрылымдық бөлімшелеріне жолданатын құжаттарға Департамент басшысы, ал ол болмаған жағдайда оны алмастыратын адам қол қояды.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

23. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, Департаменттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департамент мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

24. Департаментке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

25. Департаменттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша оған бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті, егер заңнамада басқалай белгіленбесе, өздігінен иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілдермен оған билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

26. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 7 ақпандағы
№ 67 бұйрығына
17-қосымша

"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Комитет) іске асыру, бақылау-қадағалау функцияларын, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етуді, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы (бұдан әрі – реттелетін салалар) мемлекеттік қадағалауды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің

актілеріне, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) бұйрықтарына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент Комитеттің атынан егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттілік берілген жағдайда, Комитеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің келісімімен Министрліктің Жауапты хатшысы бекітеді.

8. Департаменттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 161200, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Ш. Ниязов көшесі, 48.

9. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру бойынша құқық берілсе, онда осындай қызметтен түскен кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері

13. Міндеттері: қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің алдын алу, реттелетін салаларда мемлекеттік бақылауды және қадағалауды қамтамасыз ету.

Функциялары:

1) Департаменттің құзыреті шегінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады және Министрліктің стратегиялық функцияларын және Комитеттің жұмыс жоспарын орындауға қатысады;

2) Комитеттің келісімі бойынша өз құзыреті шегінде реттелетін салаларда халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

3) Департаменттің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

5) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, өз құзыреті шегінде қауіпті өндірістік объектідегі аварияларды, авария салдарынан болған жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді ұйымдастырады және жүргізеді;

6) қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға енгізу кезінде оны қабылдау сынақтарына, техникалық куәландыруларға қатысады;

7) жару жұмыстарын жүргізуге рұқсат береді;

8) адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ерекше жағдайларда, соттың шешімінсіз дербес кәсіпкерлердің, ұйымдардың қауіпті өндірістік объектілерді, техникалық құрылғыларды пайдаланумен байланысты қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін, міндетті түрде көрсетілген мерзімде сотқа талап арыз тастай отырып, үш күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұрады немесе тыйым салады;

9) екі және одан көп облыстар шегінде орналастырылған қауіпті өндірістік объектіні, сондай-ақ "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпте стратегиялық объектілерді қоспағанда, қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалық құжаттаманы келіседі;

10) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне жатпайтын қауіпті өндірістік объектілерді, қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қоюды және есептен шығаруды жүзеге асырады;

11) қауіпті өндірістік объектіде оқу дабылдарын және аварияға қарсы жаттығуларды өткізуге қатысады;

12) жарылғыш заттар мен олардың негізіндегі бұйымдардың бақылау және қабылдау сынақтарын өткізу жөніндегі комиссияға қатысады;

13) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне жатпайтын өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде заңды және жеке тұлғалардың, қауіпті

өндірістік объектілер иелерінің және қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтауын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

14) қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарын, технологиялық құрылыстарын, техникалық және қауіпті техникалық құрылғыларын техникалық куәландырулардың уақтылы жүргізілуіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

15) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың авариялар мен олардың салдарын жою және оқшаулау жұмыстарын жүргізуге дайындығына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

16) магистральдық құбыр жолдарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

16-1) тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығын қоспағанда, тұрмыстық баллондар мен газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бөлігінде газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

17) жеке және заңды тұлғаларға Тексеру нәтижелері туралы акті, өнеркәсіптік қауіпсіздік, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы анықталған бұзушылықтар бойынша ұйғарым, қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу не тоқтата тұру туралы акті береді;

18) Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

19) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес реттелетін салалардағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын әзірлеуге қатысады;

20) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес реттелетін салалардағы жартыжылдық тексеру жүргізу кестелерін әзірлеуге қатысады;

21) реттелетін салалардағы біліктілік және/немесе рұқсаттама талаптарына өтініш берушілердің сәйкестігіне рұқсаттама бақылауын жүзеге асырады;

22) реттелетін салалардағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізуді жүзеге асырады;

23) құзыретті органдармен бірлесіп, жарылғыш материалдарды жою жөніндегі комиссия құрамына қатысады;

24) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.09.2020 № 462 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Департаменттің құқықтары мен міндеттемелері:

Департаменттің құқықтары:

1) белгіленген тәртіпте және құзыреттілігі шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы заңнама талаптарын сақтау бойынша бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып, тексерулерді және профилактикалық бақылау және қадағалауды жүзеге асыру;

2) мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпарат пен материалдарды заңнамада белгіленген тәртіпте сұрату және алу;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы заңнамаларды жетілдіру бойынша Комитетке ұсыныстар енгізу;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мәжілістер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және өзге де іс-шаралар өткізу;

5) өңірлерде, мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, сондай-ақ республиканың барлық соттарында оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Министрлікті және Комитетті таныстыру және тиісті хат алмасуды жүргізу, өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түсу;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерімен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

Департаменттің міндеттемелері:

1) басқа мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

2) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірмелер, ұсынымдар, нұсқамалар ұсыну және тиісті шешімдер қабылдау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылдау;

5) өз құзыреті шегінде Министрліктің және Комитеттің басшылығының бұйрықтары, тапсырмаларын орындау;

6) өз құзыреті шегінде Министрлік және Комитет сұратқан, қажетті ақпаратты (материалдар, анықтамалар, есептер) белгіленген мерзімде ұсыну;

7) құзыреттілігі шегінде құқықтық, консультативтік және практикалық көмекті жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3-тарау. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

15. Комитет және оның аумақтық бөлімшелері бірыңғай жүйе құрады.

16. Департаментті Министрліктің Жауапты хатшысының бұйрығымен лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босататылатын Басшы – Түркістан облысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор басқарады.

17. Түркістан облысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектордың Министрліктің Жауапты хатшысының бұйрығымен лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасары болады.

18. Түркістан облысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор Департамент қызметіне жалпы басшылықты ұйымдастырады және жүзеге асырады, Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

19. Департамент Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Қазақстан Республикасының Президентінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес өзінің негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажетті өкілеттіктерге ие.

20. Осы мақсатта Түркістан облысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор:

1) Департаменттің жұмыс жоспарын әзірлейді және Комитетке келісуге енгізеді, келісуден кейін бекітеді;

2) бөлімдердің ережелерін және Департаменттің бөлім басшылары мен жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

3) Департаменттің жұмыс жоспарының орындалуы бойынша есептілікті жартыжылда бір рет Комитетке уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

4) өз құзыретіне шегінде бұйрықтарға қол қояды;

5) бөлім басшыларын және Департамент жұмыскерлерін лауазымға қабылдайды және лауазымынан босатады;

6) бөлім басшыларын және Департамент жұмыскерлерін іссапарға жіберу, оларға демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктіліктерін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Департаментті таныстырады;

8) заңнамада белгіленген тәртіппен Департаменттің бөлім басшылары мен қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жазалар белгілейді;

9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары не сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің туындауына себеп болатын іс-қимылдар анықталған жағдайда, бұл туралы Комитет басшылығына хабарлайды;

10) Департамент қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасы нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

11) Департаменттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады;

12) Республикалық бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына және мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметтің жүзеге асырылуына дербес жауапты болады;

13) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

14) Комитет басшылығына Департаменттің құрылымы мен штаттық кестесі бойынша ұсыныстар береді;

15) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады;

16) Департаменттің тәртіптік, аттестациялық және конкурстық комиссиясының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, персоналды басқару және құжат айналымын ұйымдастыру қызметінің жұмысын бақылайды;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент Басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін атқаруды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

21. Департамент басшысының орынбасары:

1) өз өкілеттігі шегінде Департаменттің қызметін үйлестіреді;

2) Департамент Басшысы болмаған кезеңде Департамент қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және Департаментке жүктелген міндеттерді орындауға және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады;

3) Департамент Басшысы жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

22. Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Департамент Басшысының атынан Комитеттің басқа құрылымдық бөлімшелеріне жолданатын құжаттарға Департамент басшысы, ал ол болмаған жағдайда оны алмастыратын адам қол қояды.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

23. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, Департаменттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департамент мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

24. Департаментке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

25. Департаменттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша оған бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті, егер заңнамада басқалай белгіленбесе, өздігінен иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілдермен оған билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

26. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 7 ақпандағы
№ 67 бұйрығына
18-қосымша

"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Комитет) іске асыру, бақылау-қадағалау функцияларын, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етуді, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы (бұдан әрі – реттелетін салалар)

мемлекеттік қадағалауды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) бұйрықтарына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент Комитеттің атынан егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттілік берілген жағдайда, Комитеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің келісімімен Министрліктің Жауапты хатшысы бекітеді.

8. Департаменттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 160002, Шымкент қаласы, Абай ауданы, Гагарин көшесі, 86-үй.

9. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру бойынша құқық берілсе, онда осындай қызметтен түскен кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері

13. Міндеттері: қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің алдын алу, реттелетін салаларда мемлекеттік бақылауды және қадағалауды қамтамасыз ету.

Функциялары:

1) Департаменттің құзыреті шегінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады және Министрліктің стратегиялық функцияларын және Комитеттің жұмыс жоспарын орындауға қатысады;

2) Комитеттің келісімі бойынша өз құзыреті шегінде реттелетін салаларда халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

3) Департаменттің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

5) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, өз құзыреті шегінде қауіпті өндірістік объектідегі аварияларды, авария салдарынан болған жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді ұйымдастырады және жүргізеді;

6) қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға енгізу кезінде оны қабылдау сынақтарына, техникалық куәландыруларға қатысады;

7) жару жұмыстарын жүргізуге рұқсат береді;

8) адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ерекше жағдайларда, соттың шешімінсіз дербес кәсіпкерлердің, ұйымдардың қауіпті өндірістік объектілерді, техникалық құрылғыларды пайдаланумен байланысты қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін, міндетті түрде көрсетілген мерзімде сотқа талап арыз тастай отырып, үш күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұрады немесе тыйым салады;

9) екі және одан көп облыстар шегінде орналастырылған қауіпті өндірістік объектіні, сондай-ақ "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпте стратегиялық объектілерді қоспағанда, қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалық құжаттаманы келіседі;

10) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне жатпайтын қауіпті өндірістік объектілерді, қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қоюды және есептен шығаруды жүзеге асырады;

11) қауіпті өндірістік объектіде оқу дабылдарын және аварияға қарсы жаттығуларды өткізуге қатысады;

12) жарылғыш заттар мен олардың негізіндегі бұйымдардың бақылау және қабылдау сынақтарын өткізу жөніндегі комиссияға қатысады;

13) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне жатпайтын өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде заңды және жеке тұлғалардың, қауіпті өндірістік объектілер иелерінің және қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтауын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

14) қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарын, технологиялық құрылыстарын, техникалық және қауіпті техникалық құрылғыларын техникалық куәландырулардың уақтылы жүргізілуіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

15) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың авариялар мен олардың салдарын жою және оқшаулау жұмыстарын жүргізуге дайындығына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

16) магистральдық құбыр жолдарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

16-1) тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығын қоспағанда, тұрмыстық баллондар мен газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бөлігінде газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

17) жеке және заңды тұлғаларға Тексеру нәтижелері туралы акті, өнеркәсіптік қауіпсіздік, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы анықталған бұзушылықтар бойынша ұйғарым, қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу не тоқтата тұру туралы акті береді;

18) Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

19) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес реттелетін салалардағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын әзірлеуге қатысады;

20) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес реттелетін салалардағы жартыжылдық тексеру жүргізу кестелерін әзірлеуге қатысады;

21) реттелетін салалардағы біліктілік және/немесе рұқсаттама талаптарына өтініш берушілердің сәйкестігіне рұқсаттама бақылауын жүзеге асырады;

22) реттелетін салалардағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізуді жүзеге асырады;

23) құзыретті органдармен бірлесіп, жарылғыш материалдарды жою жөніндегі комиссия құрамына қатысады;

24) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.09.2020 № 462 (Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Департаменттің құқықтары мен міндеттемелері:

Департаменттің құқықтары:

1) белгіленген тәртіпте және құзыреттілігі шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы заңнама талаптарын сақтау бойынша бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып, тексерулерді және профилактикалық бақылау және қадағалауды жүзеге асыру;

2) мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпарат пен материалдарды заңнамада белгіленген тәртіпте сұрату және алу;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы заңнамаларды жетілдіру бойынша Комитетке ұсыныстар енгізу;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мәжілістер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және өзге де іс-шаралар өткізу;

5) өңірлерде, мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, сондай-ақ республиканың барлық соттарында оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Министрлікті және Комитетті таныстыру және тиісті хат алмасуды жүргізу, өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түсу;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерімен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

Департаменттің міндеттемелері:

1) басқа мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

2) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірмелер, ұсынымдар, нұсқамалар ұсыну және тиісті шешімдер қабылдау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылдау;

5) өз құзыреті шегінде Министрліктің және Комитеттің басшылығының бұйрықтары, тапсырмаларын орындау;

6) өз құзыреті шегінде Министрлік және Комитет сұратқан, қажетті ақпаратты (материалдар, анықтамалар, есептер) белгіленген мерзімде ұсыну;

7) құзыреттілігі шегінде құқықтық, консультативтік және практикалық көмекті жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3-тарау. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

15. Комитет және оның аумақтық бөлімшелері бірыңғай жүйе құрады.

16. Департаментті Министрліктің Жауапты хатшысының бұйрығымен лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босататылатын Басшы – Шымкент қаласы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор басқарады.

17. Шымкент қаласы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектордың Министрліктің Жауапты хатшысының бұйрығымен лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасары болады.

18. Шымкент қаласы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор Департамент қызметіне жалпы басшылықты ұйымдастырады және жүзеге асырады, Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

19. Департамент Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Қазақстан Республикасының Президентінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес өзінің негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажетті өкілеттіктерге ие.

20. Осы мақсатта Шымкент қаласы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор:

1) Департаменттің жұмыс жоспарын әзірлейді және Комитетке келісуге енгізеді, келісуден кейін бекітеді;

2) бөлімдердің ережелерін және Департаменттің бөлім басшылары мен жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

3) Департаменттің жұмыс жоспарының орындалуы бойынша есептілікті жартыжылда бір рет Комитетке уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

4) өз құзыретіне шегінде бұйрықтарға қол қояды;

5) бөлім басшыларын және Департамент жұмыскерлерін лауазымға қабылдайды және лауазымынан босатады;

6) бөлім басшыларын және Департамент жұмыскерлерін іссапарға жіберу, оларға демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктіліктерін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Департаментті таныстырады;

8) заңнамада белгіленген тәртіппен Департаменттің бөлім басшылары мен қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жазалар белгілейді;

9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары не сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің туындауына себеп болатын іс-қимылдар анықталған жағдайда, бұл туралы Комитет басшылығына хабарлайды;

10) Департамент қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасы нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

11) Департаменттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады;

12) Республикалық бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына және мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметтің жүзеге асырылуына дербес жауапты болады;

13) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

14) Комитет басшылығына Департаменттің құрылымы мен штаттық кестесі бойынша ұсыныстар береді;

15) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады;

16) Департаменттің тәртіптік, аттестациялық және конкурстық комиссиясының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, персоналды басқару және құжат айналымын ұйымдастыру қызметінің жұмысын бақылайды;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент Басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін атқаруды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

21. Департамент басшысының орынбасары:

1) өз өкілеттігі шегінде Департаменттің қызметін үйлестіреді;

2) Департамент Басшысы болмаған кезеңде Департамент қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және Департаментке жүктелген міндеттерді орындауға және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады;

3) Департамент Басшысы жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

22. Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Департамент Басшысының атынан Комитеттің басқа құрылымдық бөлімшелеріне жолданатын құжаттарға Департамент басшысы, ал ол болмаған жағдайда оны алмастыратын адам қол қояды.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

23. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, Департаменттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департамент мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

24. Департаментке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

25. Департаменттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша оған бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті, егер заңнамада басқалай белгіленбесе, өздігінен иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілдермен оған билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

26. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.